

Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 509 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5-14-188 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 19.02.2020 № 56 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Күршім ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Әзімбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

Д. Қажанов

Келісілді:

"Шығыс Қазақстан облысының
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары басқармасы"
мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы _____

Н. Жұмаділов

" ____ " _____ 2018 жыл.

Күршім ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 25.12. № 509
қаулысына қосымша

Күршім ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

Р/с №	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Барлығы, шақырым	Санаты	Төсем жамылғысының түрі бойынша, ш		
					Асфальт /Бетон	Қара жамылғысы қиыршық тасты	Жай төсемді-ұса тасты
1.	KF KR-412	"Оң жақ-Усть-Қалжыр ауылына кірме жол" автомобиль жолы	2	IV	-	2	
2.	KF KR-59	"Үлкен Нарын-Күршім-Шірікаяқ" автомобиль жолы	54	IV	-	54	
3.	KF KR-63	"Күршім-Қалжыр-Марқакөл-Қарашілік-Боран" автомобиль жолы	52	IV	-	52	
4.	KF KR-164	"Күршім-Қалжыр" -Аманат" автомобиль жолы	30	V	-		30
5.	KF KR-165	"Күршім-Ақсуат-Жолнұсқау" автомобиль жолы	27	V	-		27
6.	KF KR-166	"Омбы-Майқапшағай-Марқакөл" Игілік-Шеңгелді" автомобиль жолы	57	IV	-	57	
7.	KF KR-167	"Күршім-Қалжыр" -Ақбұлақ-Қарой-Ашалы" -Қайнарлы" автомобиль жолы	12	IV	-	12	
8.	KF KR-413	"Күршім-Алғабас" автомобиль жолы	10	IV	-	10	
9.	KF KR-414	"Топтерек ауылына кірме жол" автомобиль жолы	4	IV	-	4	
10.	KF KR-415	"Күршім-Қалжыр" -Жылытау" автомобиль жолы	7	IV	-	7	

11	KF KR-416	"Күршім-Қалжыр" -Ақши" автомобиль жолы	8	V	-		8
12	KF KR-417	"Күршім-Қалжыр" -Амангелді" автомобиль жолы	4	IV	-	4	
13	KF KR-168	"Марқакөл-Ұрынхай-Төсқайың" -Шанағаты" автомобиль жолы	30	V	-		30
14	KF KR-169	"Күршім-Шіріқаяқ" -Қарабұлақ" автомобиль жолы	9	IV	-	9	
15	KF KR-420	"Маралды-Үшбұлақ" автомобиль жолы	25	V	-		25
16	KF KR-421	"Марқакөл-Тентек" автомобиль жолы	7	V	-	7	
17	KF KR-422	"Марқакөл-Ұрынхай-Төсқайың" -Балықтыбұлақ" автомобиль жолы	25	V	-		25
		Жиыны:	363	-	-	218	145

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК